

Қамқоршылық кеңесінің отырысы
№44 Ауысымдық (кешкі) жалпы білім беретін мектебі

Х А Т Т А М А № 6

Күні: 24.05.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша атқарылған жұмыстар есебі
Оқушылардың жазғы мезгілде бос уақытын қадағалау.
2. Қаңтар-мамыр аралығындағы қаржылық есеп.
3. Қамқоршылық кеңестің жұмысы туралы есеп.

Қамқоршылық кеңесінің құрамы:

1. Жумагулов Нұрсұлтан Оразұлы-төраға
2. Утенов Каирбек Сабетович-төраға орынбасары
3. Еримова Кырмызы Бекетовна- мүшесі
4. Иова Наталия Михайловна-мүшесі
5. Атшибаева Жания Бакитжанова- хатшы
6. Камысбаев Тимур -мүшесі
7. Дүйсенбаев Серик Жуматович-мүшесі
8. Төлеубаев Қайрат Убайтұлы-мүшесі
9. Самғали Абат Әбубәкірұлы-мүшесі

Бірінші мәселе бойынша сөз алған директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Есенбаева К.Б. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттің бірі балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселеге айналып отыр.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша атқарылған жұмыстар есебіне тоқталар болсақ, қазіргі таңда қоғамда болып жатқан жасөспірімдер арасындағы қылмыстар туралы қысқаша тоқтала келе, жастар арасында келеңсіз жағдайлардың алдын-алу үшін ұстаздар мен ата-аналар тығыз жұмыс жасау керектігі жөнінде айтылды.

Сөз алған Дүйсенбаев Серик Жуматович - Білім алушыларға қылмыстың-қоғамға қауіпті әрекетті, оның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмысы, қылмыстық жауапкершілік, оған қолданылатын жаза түрлері, кінәні жеңілдететін, жауапкершілікті ауырлататын жағдайлар туралы толық түсіндіру, құқықтық сауаттылығын арттыру, салауаттылыққа тәрбиелеп, өз әрекеттеріне баға бере білуге баулу. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру туралы түсіндіру іс-шаралары тәрбие сағаттары өтілгені белгілі болды. Ата-аналармен мен бірлесіп жұмысты жандандыру керек.

Екінші мәселе бойынша сөз алды мектеп директоры Гумарова Г.У.

Балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытында балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына, танып білу, шығармашылық және қоғамшылдық белсенділігін арттыруға, денінің саулығын арттыруға жағдай жасау мақсатында оқушылар мен ата-ана бақылауын назарда ұстауды ата-анасы өз мойындарында екені ескертілді.

Жазғы демалыста қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері:

1. Көшеде, жолдан өту кезінде абай болып, жол жүру ережелерін сақтау керек.
2. Орманда серуендеу, өзенде шомылу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
3. Ауыл аумағында және орман алқабы аумағында от жағуға тыйым салынады.